«ҚАМҚОРШЫ»

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Товарищество с ограниченной ответственностью «КАМКОРШЫ»

Қызылорда қ., Қорқыт Ата 140
Телефон/факс: 8 (7242) 20-50-30

г. Кызылорда, ул. Коркыт Ата 140
Телефон/ факс: 8 (7242) 20-50-30

Шыг. № 4 31 қазан 2025 ж.

«Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы»
микроқаржылық ұйымы ЖШС нің директоры
Т. Матаевқа

Хабарлама!

Біршама мерзімнен бері Сіздің мекеме «Қамқоршы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты ғимараттың бөлмелерін жалға алып келеді.

Жалға алған мерзімнен бері, коммуналдық мекемелердің тарифы біршама тұрақты болуына байланысты, осы мерзімге дейін арендалық төлем тарифы мәселесі көтерілген жоқ еді.

Алайда, 2024 жылы еліміздің біршама өңірлерінде жылу, электр энергиясын қамтамасыз ететін мекемелерде орын алған ірі авариялық жағдайларға байланысты төтенше жағдай жарияланып, мемлекет тарапынан коммуналдық инфоқұрылымның сапалы жұмысын қамтамасыз ету және жаңғырту мақсатында, қосымша қаржылар бөлініп, коммуналдық мекемелердің тариф саясаты қайта қаралғаны өздеріңізге мәлім.

Ал, 2025 жылдың шілде - қыркүйек айларынан бастап «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы, «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, «Қазақ газ аймақ» акционерлік қоғамының Қызылорда филиалы мекемелері Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің қорытынды негізінде коммуналдық тарифтердің жаңа бағасы бекітілді. *(Бекітілген тарифтер қоса тігіліп отыр).*

Аталған мекемелердің коммуналдық тарифы 2024 жылмен салыстырғанда 40-60 пайызға дейін көтеріп отыр. Мысалы былтыр тамыз айында 1 кВт электр энергиясы үшін қосымша құн салығымен -22,75 тг. болса биыл шілде айынан бастап бекітілген тариф бойынша 34,47 тг., газ тарифы былтыр қараша айында 1м3 22,28 тг. болса – жаңа тариф бойынша 32,37 тг., су тарифы былтыр тамыз айында 1 м3 – 143,62 тг. болса, биыл тамыз айында 234,81 тг. құрап отыр.

Бұның нақты айғағы ретінде шілде - тамыз - қыркүйек айларындағы электр энергиясын тұтынуға кеткен шығыннан байқалуда.

Бұдан басқа ғимаратты ұстап тұруға қажетті тұрмыстық заттар, күзет қызметінің де бағалары көтерілуде.

Ең төменгі жалақы мөлшері 2022 жылмен салыстырғанда 41 пайызға өсуі де қызметкерлердің айлығына кететін шығындардың өсуіне алып келді.

Бұған қоса келер жылы қосымша құнға қосылатын салықтың 16 пайызға көтерілетінін де ескеру қажет.

Қазақстан Республикасы АК-нің мүлікті пайдаланғаны үшін жасалатын төлем мөлшері, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, кем дегенде жылына бір рет өзгертілуі мүмкін. Заң актілерінде мүліктік жалдаудың жекелеген түрлері үшін, сондай-ақ мүліктің жекелеген түрлерін жалдау үшін жасалатын төлем мөлшерін қайта қарауға өзге де ең аз мерзімдер көзделуі мүмкін.

Аталған мәселерді қорытындылай келе, алдағы уақытта ғимаратты жалға беру тарифі қайта қаралып, оны 20 пайызға көтеру қажеттілігі туындап отырғанын хабарлаймыз.

Көтеріліп отырған мәселе бойынша нақты жауаптарыңызды хабарлама алған күннен бастап 15 күн ішінде берулеріңізді сұраймыз.

Құрметпен,
«Қамкоршы» ЖШС- нің директоры **Ә. Хожбанов**